

Балқаш қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 27/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 16 маусымда № 6433-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 7 тамыздағы № 38/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 07.08.2025 № 38/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабына сәйкес, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балқаш қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға келесі мөлшерде сараланатын тариф белгіленсін:

1) интернет желісі және ұялы байланыс құрылғыларын қоса алғанда, электрондық төлеу жүйесі арқылы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде - 60 (алпыс) теңге;

2) жол ақысын қолма-қол төлеу кезінде - 120 (жүз жиырма) теңге.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Балқаш қаласының әкімі

С. Сатаев